

«Тексерілді»
«Данышпан балақай»
 балабақшасының әдіскері:
 **М.А.Туякова**

**«Данышпан балақай» балабақшасының 2025-2026 жылының ұйымдастырылған іс-әрекеттің
 Перспективалық жоспары**

№ 3 «Еркелер» ортаңғы тобы

Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, Наурыз мейрамы туралы түсінік беру. Әдептілікке, достыққа, үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған іс әрекет	Наурыз
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдарыналдынан емесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қолсаусақтарын жұм және ашу. Допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу; аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою. Негізгі қимылдар: Жүгіру. Бір қалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен еденге (жерге) соғу, қағып алу. Қимылды ойындар: Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. Спорттық жаттығулар: Велосипедтебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Спорт залда Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтауға жеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қолорамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау; белгілі

	реттілікпен киіну те және шешіну те, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше ертеу те, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру: Денемүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулар мен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кездерігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сынықтыру-шынықтыру шаралары: Күн тәртібінен сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.
Тіл дамыту және көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор: Балаларға тұсау кесуді сөздіктерімен таныстыру арқылы олардың алғашқы адамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру дағдысын жетілдіру Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктеуіне, септелуіне қарай байланыстыруды, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды дамыту. Байланыстырып сөйлеу: Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауысырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануды үйрету Оқылған шығарманың қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздермен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: құрдастарымен сөйлеу ережелерін, құрдастарымен қарым-қатынас жасауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор: Баланың сөздік қорында дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету Байланыстырып сөйлеу: Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу
Математика негіздері	Сан: «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. Шама: салыстыру нәтижелерін бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу Геометриялық пішіндер: Балаларды геометриялық фигура дөңгелек пен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікте бағдарлау: Өзінен денемүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: оң-сол. Уақытты бағдарлау: Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды пысықтау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.
Құрастыру	Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнау. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауды, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнау дағдысын жетілдіру.
Сурет салу	Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстермен олардың реңктерін (қызыл, көгілдір, сұр) қолдануды. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.